



**Алимбаева А.**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАР»  
ҰҒЫМЫ ЖӨНІНДЕ**

*В данной статье  
рассматривается понятие  
«педагогические условия».*

*This article considers the  
understanding as “Pedagogical  
conditions”.*

Педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарында және еңбектерде «педагогикалық шарттар» сөз тіркестері кездеседі. Мағынасында бұл сөз тіркестері зерттеліп отырған педагогикалық мәселенің, қандай да бір құбылыстың өмір сүруі үшін қажетті шарттар екендігі көрсетіледі.

Педагогикалық шарттардан бөлек «дидактикалық шарттар» ұғымы да нақты оқыту үдерісін жүзеге асыру мақсатында кездеседі. «Педагогикалық шарттар», олардың туындайтын дерек көздерін айқындау үшін «дидактикалық шарттар» және оларды анықтауға байланысты қарастырылған зерттеу жұмыстарын негізге алуы жөн санадық. Педагогикалық сөздіктерде және энциклопедияларда, педагогика және дидактика бойынша басшылыққа алатын құжаттарда «дидактикалық шарттарға» берілген түсініктемелер кездеспейді. Дегенмен, педагогикалық мақалаларда, диссертациялық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

«Дидактикалық шарттар» ұғымымен қатар «дидактикалық негіздер» ұғымы белгілі мақсатқа жету үшін оқу үдерістерінің қорын ашудағы оймен қолданылады. Ал, «шарттар» термині аналогиялық ойда кейбір анықтаушы сөздерсіз пайдаланылады. Мәселен, «Оқушыларды өнімді еңбекке қатыстырудың шарттары». Орыс тіліндегі «условия» терминінің қазақ тіліндегі аудармасы «жағдай», «келісімдік», «ереже», «шарт» немесе «талаптар» т.б. терминдерді береді [1]. Жалпы «дидактические условия» ұғымының қазақ тілінде «дидактикалық шарттар» ұғымы ретінде қолданыс тапқаны дұрыс деп білеміз. Мәселен, зерттеу жұмыстарына сәйкес тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға ықпал жасайтын шарттар жүйесі: мотивациялық, кадрлық (мектепте білікті мұғалім, отбасында өнегелі ата-ана), материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық, ұйымдастыру-шылық, нормативтік-құқықтық, ақпараттық деп атап көрсетіледі.

Педагогикалық зерттеулерді талдау бұл ұғымдарды пайдалануда, оқытудағы жаңа - оның жекелеген бөліктеріндегі немесе бүтіндей мектептегі оқыту, білім беруді жетілдірудегі келесі қадам ретіндегі практикаға ендірілген, педагогикалық эксперимент тәртібінде даярланған жаңа оқыту жүйесін сипаттауды талап ететіндігін көрсетеді. «Дидактикалық шарттар» ұғымын оқушыларды жалпы дамытуға бағытталған дидактикалық жүйе ерекшеліктерін ашу кезінде пайдалану қажет сияқты.

Философиялық әдебиеттерде «ұғым дегеніміз заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері түрінде бейнелеу болып табылады». Талданып отырған ұғым педагогикалық зерттеу барысында нақты пайдалануды, ол



жөніндегі түсініктерді ойлануды, оның мазмұнын ашуды, педагогикалық болмыс құбылысын түсіндіру үшін оны қолданудың қажеттілігін негіздеуді қажет етеді.

«Дидактикалық шарттар» ұғымын ашу үшін бәрінен бұрын оны «дидактикалық негіздер» ұғымынан шектеу қажет. «Дидактикалық негіз» деп, кез келген дидактикалық жүйеге қатысты оқыту үдерісін түзудің кейбір негізгі жалпы сипаттамаларын мақсатты түсіну қажет. Алдыңғы немесе қазіргі уақытта өмір сүруші кез келген оқыту жүйесі бірқатар міндетті құраушылармен сипатталады. Олардың сапалық, мазмұндық сипаттамасы әртүрлі оқыту жүйесінде әртүрлі болады. Оқыту жүйелері дидактикалық шарттармен ажыратылады, өзгешеленеді. Дидактикалық шарттардағы өзгешеліктер оқыту жүйесіндегі өзгешеліктерді анықтайды.

«Дидактикалық шарт» ұғымының мәнін ашу кезінде, оның «оқыту жүйесі» ұғымымен өзара байланысын ашу керек. «Дидактикалық шарттар» ұғымын пайдалану «оқыту жүйесінің» бар болуында ғана белгілі мәнге ие болады, себебі, дидактикалық шарттарды сипаттау, оның даярламасын дайындау, жетілдіру жаңа, едәуір жетілдірілген оқыту жүйесін тудыруға ұмтылуға ғана мәні болады. Егер де ондай міндет алдыға қойылмаса, онда дидактикалық шарттар жөнінде сөз етудің қажеттілігі болмайды.

«Оқыту жүйесі» ұғымы дидактикалық шарттар сияқты педагогикалық басшылыққа алатын құжаттарда келтірілмейді және түсіндірілмейді. Бірақ бірқатар авторлар тарапынан бұл ұғымдар мектептік құбылысты талдау кезінде қолданыс тапқан (М.Н.Скаткин, М.И.Махмутов, В.В.Давыдов, Б.П.Беспалько, А.М.Пышкало және т.б.).

Дидактикалық жүйе дегеніміз де (грек сөзінен systema - жекелеген бөлшек-терден тұратын бүтін, бірігу) білім берудің бүтіндігін түзуші, белгілі критерийлер бойынша бөлініп алынғандар түсініледі. Дидактикалық жүйе оқытудың мақсаттары, ұйымдастыру принциптері, мазмұны, формалары және әдістерінің бірлігін түзетін, құрылымның ішкі бүтіндігімен сипатталады [2].

«Дидактикалық шарттар» ұғымын ашу оның оқытудың дидактикалық негізін түзуші құраушылардың толық бөлінгеніне де байланысты болады. Неғұрлым құраушылар толығырақ көрсетілсе, қамтылса, оқытуды жетілдіру кезіндегі дидактикалық шарттар солғұрлым өзгертіледі.

А.М.Пышкало зерттеуінде оқыту жүйелерінің бес құраушыларын: оқытудың нақты мақсаттарын, мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, әдістерін және құралдарын бөліп көрсетеді [3].

М.И.Махмутов оқыту жүйесінің құраушылары жөнінде «Оқыту жүйелері бағдарлама мазмұны, тәрбие принциптері, оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыру формалары мен әдістері, оқыту мерзімі т.б. бойынша өзгешеленеді» деп мазмұндайды [4]. Кейбір авторлар оқытуды тұрғызу үшін ерекше мәнді жекелеген құраушыларды қарастыру керектігін көрсетеді. Олар мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас сипатын құраушы ретінде бөліп көрсету, оқытудың сипаты мен оның нәтижелілігін анықтайды біледі (М.Н.Скаткин, Г.И.Щукина, Л.В.Занков, т.б.).

Нақты білім берудегі дидактикалық негіздерді де атап көрсеткен еңбектерді кездестіруге болады. П.Р.Атутов политехникалық білім берудің төмендегідей дидактикалық негіздерін: еңбекке баулу, қоғамға пайдалы өнімді еңбек үдерісінде оқушылардың игеретін политехникалық білім мен ептіліктерді; политехникалық білім беру міндетін шешуді қамтамасыз етуді ұйымдастырудың әдістері мен формаларын; қазіргі еңбеккерлер үшін сипатты танымдық және шығармашыл іс-әрекетті дамытудың жолдары мен құралдарын бөліп көрсетеді [5].

М.В.Зверева педагогикалық болмысты талдауға сүйенумен және оқыту жүйелерінің мазмұнды сипаты тұрғысынан олардың төмендегідей құраушыларын бөліп көрсетеді: оқыту міндеттері (олар оқыту алдына қалай тұжырымды етіп қойылады); оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеу принциптері (яғни, дидактикалық принциптер, олардың мәні, бағыттылығы); оқытудың принциптері (олар қаншалықты оқушылардың әртүрлі іс-әрекетін қамтамасыз етеді); оқытудың әдістері (олар мектеп бағдарламасын игертумен және оқушылардың жалпы дамуын қаншалықты қамтамасыз етеді); оқытуды ұйымдастырудың формалары (олар қаншалықты нұсқалы, қозғалмалы); мұғалімнің оқытудың нәтижелелерін бөліп алудағы тәсілдері (қаншалықты бұл толық нәтижелілік есепке алынады); мұғалім мен оқушылардың арасындағы өзара қатынастың сипаты (қаншалықты эмоциональды сәттілігін, оқыту үдерісіне қатысушылардың эмоциональды жабдықталғандығын қамтамасыз етеді); оқытудың құралдары, бәрінен бұрын оқулықтар (қазіргі заманғы оқытудың барлық функциясы қаншалықты дәрежеде жүзеге асырылады) [6].

Дидактика - оқыту мен білім беру проблемаларының даярламасын түзуші педагогика ғылымының бөлімі, яғни «дидактика - оқыту мен білім берудің, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары,



ұйымдастырылуы, қол жеткізетін нәтижелері туралы ғылым» [2]. Дидактикалық шарттарды анықтауда оқытудың жүйелерін қарастырумен қатар педагогикалық жүйелерді қарастырған дұрыс деп білеміз.

В.П.Беспалько «Кез келген педагогикалық жүйе құрылымы (антикалық немесе ортағасырлық, буржуазиялық немесе социалистік) қазіргі уақытта келесі өзара байланысты нұсқа элементтерінің жиынтығында ұсынылады: 1) оқушы; 2) тәрбие мақсаттары (жалпы және жеке); 3) тәрбиенің мазмұны; 4) тәрбие үдерістері (жеке тәрбие мен оқытудың); 5) мұғалім (немесе ТОҚ - техникалық оқытудың құралдары); 6) тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары. Бұл жүйенің әрбір құраушыларын кез келген бөлшектену элементтеріне бөлуге болады» деп жазады [7]. Мұндағы айтарымыз, жүйе – «өзара байланысты элементтердің жиынтығы» емес екендігін есте сақтау қажет. «Жүйе - бұл өзара байланысты элементтердің, құраушылардың бүтіндік кешені» екендігін ұмытпаған жөн.

И.П.Подласый қарастырылған жүйенің құрылымын толық емес деп санауға негіз бар деп есептейді және педагогикалық жүйенің басты бөлінген құраушыларына «нәтижелер», «оқу-тәрбие үдерісін басқару», «технология» қамтылмаған деп атап көрсетеді.

Осы тұрғыдан қарастырғанда жоғарыда талданған авторлардың еңбектерінің негізіне сүйене отырып, біздің ойымызша М.Звереваның талдауындағы оқыту жүйелерінің мазмұндық сипаты тұрғысындағы құраушыларына: 1 - оқытудың нәтижелерін; 2 - танымдық және шығармашыл іс-әрекетті дамытудың құралдары мен іс-әрекет бағыттарын, жолдарын; 3 - оқыту және тәрбие технологиясын қамтуу керек.

Дидактикалық шарттар деп, оқыту жүйелерін конструкциялаушы құраушылардың мазмұндық сипаттамаларын түсіну қажет. Егер оқыту жүйелерінің құраушылары немесе оқытуды түзудің дидактикалық негіздері кез келген оқыту жүйелерінде бірдей болса, онда дидактикалық шарттар - бұл оқытудың жүйелерін ажыратады. Дидактикалық шарттар оқытудың бір немесе басқа жүйелеріне қатысты, көпқырлы және терек сипатталатын болса, онда оқытудың жүйелерін түзуші құраушылары толық болады.

А.Ф.Амиров «Педагогические условия политехнической направленности изучения основ наук в общеобразовательной школе» /М., 1993/ атты диссертациялық зерттеуінде жұмыстың мақсатына сәйкес политехникалық бағыттағы оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттарын өзара байланысты жүйе түзуші үш блокты ұсынады: I блок - оқытудың әдіснамасын, соған сәйкес мақсаттарды, міндеттерді, принциптерді; II блок - оқу-танымдық іс-әрекеттердің мазмұнын, формаларын және әдістерін; III блок - ішкі және сыртқы танымдық ой түрткілер жүйесін.

Педагогикалық шарттар зерттеу жұмыстарына сәйкес түрліше анықталады. Мәселен, Б.Өтешова зерттеу тақырыбына сәйкес педагогикалық шарттарды төмендегіше анықтайды: 1) Әдіснамалық – халық тағылымдары материалдарын іріктеу принциптері; 2) Теориялық – халық тағылымдары материалдарының жүйеленуі; 3) Дидактикалық – оқушылардың дүниетанымын халық тағылымдары материалдары арқылы дамыту моделінің жасалуы; 4) Әдістемелік – оқушылардың дүниетанымын халық тағылымдары материалдары арқылы арнайы пән, таңдау курсына, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында дамытудың әдістері мен тәсілдері; 5) Практикалық – оқушылардың дүниетанымын дамыту мазмұны мен құралдарының эксперименттік-тәжірибелік жұмыста тексерілуі арқылы қамтамасыз етілуі тиіс [8].

С.Әлімбаева өзінің зерттеу жұмысында «Біз педагогикалық шарттар деп, педагогикалық жүйені құраушылардың мазмұндық сипаттамаларын конструкциялауды және нәтижеге жетудегі базаны түсінеміз» деп біледі. Педагогикалық шарт педагогикалық жүйедегі оқыту мен тәрбие міндеттеріне байланысты ажыратылады.

Мектептің еңбекке дайындау бағытында қазақ қыздарының этностық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын педагогикалық жүйені құраушылардың мазмұндық сипатына сәйкес төмендегідей тұжырымдауға болады. Олар [9]:

1. Білімгер: Оқушы-қыздарды еңбекке дайындау барысында ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру.

2. Мазмұн: Еңбекке дайындық бағытындағы оқыту мен тәрбие мазмұнын құраушыларда этностық мәдениет негізін қалайтын оқу материалдары мен тәжірибелік іс-әрекет үлгілерінің енгізілуі (технология пәні бағдарламасында, қоғамға пайдалы, өнімді еңбек және факультатив курстары мен үйірмелерде).

3. Әдістер: Еңбекке дайындық бағытында қазақтың этностық дәстүрлі мәдениетіне баулу әдістерінің қажетті деңгейде қамтылуы.



4. Форма: Еңбек іс-әрекеттерінде оқушы-қыздарды этностық мәдениетке баулуды ұйымдастырудың инновациялық формаларының қамтылуы.

5. Технология: Этностық мәдениетке баулудың (оқытудың) технологиясы.

6. Педагог (немесе ОТҚ): Ұлттық мәдениетті меңгерген педагогтың (мұғалімнің, ата-ананың) немесе ұлттық дәстүрді, еңбекке дайындық бағытында этностық мәдениет үлгілерін сипаттайтын техникалық қондырғы-лардың болуы.

7. Басқару: Қазақ қыздарын этностық мәдениетке баулуды мектептің еңбекке дайындау бағытында жүзеге асыруды басқару.

8. Нәтиже: Мектептің еңбекке дайындау бағытында қазақ қыздарының дәстүрлі этностық мәдениетін қалыптастыру үдерісін мақсатқа сәйкес ұйымдастыру.

Сонымен біздер, «Педагогикалық шарттар деп, дәстүрлі (алдыңғы) оқыту (тәрбие) жүйелері мен жаңа, жетілдірілген оқыту (тәрбие) жүйесінің арасындағы, яғни болашақта түзілетін оқыту (тәрбие) жүйесіне қызмет ететін шарттар жиынтығын түсінеміз».

Жоғарыда келтірілген зерттеулерді талдай келе біздер зерттеу жұмысы-мыздың мақсатына байланысты педагогикалық шарттар құрамында төмендегілер қатылуы қажет: оқыту (тәрбие) міндеттері; оқыту (тәрбие) мазмұны; оқыту принциптері; оқыту (тәрбие) және оқу әдістері; оқытуды ұйымдастыру формалары; оқыту нәтижелері; танымдық және шығармашыл іс-әрекеттерді дамыту құралдары мен іс-әрекет бағыттары; оқыту (тәрбие) технологиясы; оқу үдерісінің өзі мен оның технологиясы; оның техникалық жаракталуы (Н.Ф.Талызина, [10]. Бұл бөліп көрсетілген жүйенің мазмұндық сипаттағы құраушылары толықтырылуы мүмкін.

#### *Әдебиеттер:*

1. Словарь русского языка. - М., 1986.
2. Подласый И.П. Педагогика. В 2 кн. - М.; 1999. - Кн. 1: Общие основы. Процесс обучения.
3. Совершенствование обучения младших школьников / Под ред. А.М.Пышкало. - М., 1984.
4. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. - М., 1977.
5. Политехническая подготовка школьников в процессе труда. Методическая разработка / Под ред. П.Р.Атутова, - М., 1985.
6. Зверева М.В. О понятии “дидактические условия”. // Новые исследования в педагогических науках. -М.: Педагогика, 1987, N1.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989.
8. Өтешова Б. Әдеп және халық тәлімі (5-11 сынып оқушыларына арналған бағдарлама), - А., 2003. - 25 б.
9. Әлімбаева С.Ш. Мектептің еңбекке дайындау бағытында 5-9-сыныптың оқушы-қыздарының этностық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд.... дисс. - Түркістан. 2008. 162 б.
10. Кузнецова Н.Е. Формирование систем понятий в обучении химии. - М.: Просвещение, 1989.